




Жалпы халық денсаулығы
2000-2015ж өмір сапасына салыстырмалы
талдау



- Адамдардың өмір сүру деңгейін арттыруға қатысты мәселелерді зерделеуге көптеген экономистердің жұмыстары арналды. Бұл саладағы зерттеулермен Кейнс, Котлер, Брю, Маслоу, Фишер және т.б. сияқты теоретиктер айналысты. Көрсетілген экономистер өмір сүру деңгейінің әртүрлі ұлттық үлгілерін, оларды бағалау көрсеткіштерін, реттеу тетіктерін әзірледі. «Өмір сапасы» деген термин өткен ғасырдың 50-жылдарының ортасында пайда болды, ол кезде «өмір сүру деңгейі» санаты толық шамада халықтың әл-ауқатын көрсеткен жоқ. Проблеманы зерделеу ондаған жыл кейін Батыстың жоғары дамыған елдерінде қоғамның дамуының индустриялық кезеңіне өту жүзеге асырыла бастаған кезде басталды, бұл экономикалық прогрестің гуманитарлық мазмұнына қызығушылыққа негізделді. Бастапқыда өмір сапасы негізінен қоршаған ортаны, денсаулықты қорғау және қалаларды жаңарту мәселелерімен байланысты болды. Бірақ бертін келе бұл проблема қоғамның өмір сүрі қабілетін қамтамасыз ету тұрғысында қарастырылып, таяу болашақта адамзат қол жеткізетін – ол кезде бірінші кезекке ақша емес, әлеуметтік және мәдени құндылықтардың үйлесімділігі шығатын адамдар арасындағы жаңа қарым-қатынастары бар өркениеттің келесі кезеңіне өтудің кейбір футурологиялық идеалының құрамдас бөлігі ретінде түсіндіріле бастады.



**Мы ждем
неизбежного,
но получаем
неожиданное.**

Джон Мейнард Кейнс




◆ Қазіргі заманғы экономикалық сөздік «өмір сапасы» деген терминді «өмір сүру деңгейі» деген ұғымның жалпылануын білдіретін және «тек қана материалдық ізгіліктер мен қызметтерді тұтыну деңгейін емес, сондай-ақ, қажеттіліктерді қанағаттандыру, денсаулық, өмірдің ұзақтығы, адамды қоршаған орта жағдайлары, жан рахатын қамтитын» әлеуметтік-экономикалық санат ретінде анықтайды.

◆ ◆ Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы өмір сапасын «жеке тұлғаның олар өмір сүретін мәдениет контекстінде және құндылықтар жүйесінде және олардың мақсаттарымен, күтулерімен, стандарттарымен және күтімдерімен байланысты өмірдегі орнын сезінуі» ретінде анықтайды. Адамның жеке денсаулығына, психологиялық жағдайына, жеке нанымдарына, әлеуметтік қатынастарына және олардың қоршаған ортаның тән ерекшеліктері бар өзара байланыстарына байланысты тұжырымдаманың бұл кең ауқымы.



Халықтың өмір сапасының мақсаттар ағашы






Тәуелсіздік жылдарында өмір сапасы саласында қазақстандықтар орасан өтпелік кезеңдерді бастан өткерді. Кеңес Одағы және оның барлық мемлекеттік құрылымдары құлағаннан кейін халықты әлеуметтік қамтамасыз етудің тұтас жүйесі де құлдырады. Одақ құлағаннан кейін қазақстандық тұрғындар бұрынғы империяның қалған халқы сияқты өмір сапасын сипаттайтын көптеген әлеуметтік кепілдіктерден айырылды. Халық қиын жағдайларға тап болды: ескі экономиканың құлауы, тиісінше табыстардың күрт төмендеуі, жұмыссыздық, қалмыстың жоғары деңгейі және т.б.

Құлдырау бүкіл 90-жылдар ішінде жалғасты, бұл ретте Қазақстан айтарлықтай шамада құлдырауды жұмсартудың сәті түсті, ол кезде бұрынғы Одақтың кейбір басқа да республикаларының жағдайы нашарлап кеткен еді. 2000-жылдардың басынан бастап ел экономикасының тұрақты өсуі басталды, бұл құлдырауды тоқтатып, өмір сапасының көрсеткіштерін жақсартуды бастауға мүмкіндік берді.



- 
- Two spotlights are positioned at the top of the frame, casting a bright, circular glow on a dark blue background. The light from the spotlights creates a soft, hazy atmosphere around the text.
- Ең алдымен, Қазақстанға кедейлікпен және жоқшылықпен күресуде айтарлықтай табыстарға жетудің сәті түсті. Егер 2006 жылы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен азаматтар үлесі 18,2 пайызды құраса, 2011 жылы бұл көрсеткіш 5,3% құрады.
 - Бұл ретте, қалалық және ауылдық жерлердегі табыстар айтарлықтай саралануы қауіпті белгі болып қалады. 2011 жылы ауылдық жерлердегі кедейлік деңгейі 3,7 еседен асып кетті, ал 2007 жылы айырмашылық тек қана 2,6 есені құрады. Бұл қала тұрғындарының өмірінің сапалық көрсеткіштері ауыл халқының көрсеткіштерінен айрамасы мемлекет қабылдайтын шараларға қарамастан ұлғайғандығын көрсетеді. Қазақстандық ауылда бүгінде шамамен 45,5 пайыз халық өмір сүретінін атап өту маңызды, сондықтан мұнда кедейлікпен күрес республиканың өмір сапасы бойынша көрсеткіштерін айтарлықтай жасқартуға ықпал етеді.



ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ 20 ЖЫЛЫНДА ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Халықтың жалпы саны (мың адам)



Өмір сапасы

Халықтың жеңіл автомобильдермен
қамтамасыз етілуі (отбасына)



өсім 3,6 есе

Ауызсумен қамтамасыз етілген
елдің мекендер саны



- ◆ Қазақстандағы соңғы онжылдықтың оң өзгерістері ел халқының өмір сүру деңгейінің көрсеткіштерінің жақсаруынан көрініс тапты: табысы төмен халық үлесі, азық-түлік себетінің құнынан төмен табыстарға ие халық үлесі қысқарды. Барлық бақыланатын азық-түлік тауарлары бойынша олардың тауарлық баламасы арқылы көрсетілген халық номиналды ақшалай табыстармен сатып алу қабілеті өсті, орташа ел бойынша орташа жалақыға сатып алуға болатын ең төменгі күнкөріс деңгейі топтамасының саны ұлғайды – 2011 жылы 5,6 есеге.
- ◆ Өткен жылмен салыстырғанда республикада жұмыссыздық деңгейінің төмендеуі байқалады, 2011ж. ол 5,4%-ды құрады. Соңғы 10 жыл ішінде өз бетінше жұмыспен қамтылған халықтың жалпы саны 2,6-2,7 миллион адам шеңберінде қалып отыр, бұл елдегі еңбекке қабілетті жастағы халықтың төрттен бірін немесе экономикалық белсенді халықтың жалпы санының 30%-дан астамын құрайды. Бұл ретте, қазіргі санның 70,5% өз бетінше жұмыспен қамтылған халық елдің ауылдық жерлеріне келеді, ал 29,5% – қалаларда.





- ◆ Қазақстандағы өмір сапасын сипаттайтын позицияларды қарастыруды жалғастыра отырып, халықтың білімділік деңгейі сияқты көрсеткішті атап өтпеуге болмайды. Қазақстанда халықтың біліммен қамтылуы кеңестік білім жүйесінің құлдырау сәтіндегі жай-күйі бойынша шамамен 95 пайызды құрады, және бұл көрсеткіш бойынша ел Әлемнің дамыған мемлекеттерімен қатарласты. Алайда тәуелсіздік жылдарының басында жүйенің жеткілікті қаржыландырылмауының ауыр кезеңінен кейін 2000-жылдардан бастап мемлекет білім жүйесіне шығындары жыл сайын өсіп отырғандығын ескеру керек. Мұның себебі сондай-ақ, КСРО-ның құлауы және экономикалық көрсеткіштердің күрт төмендеуі болды. Қазіргі уақытта білім беру жүйесінің негізгі міндеті білім сапасын көтеру болып табылады. Осы міндетті шешу әдістерінің бірі әлемдік стандарттарға, оның ішінде 12 сыныптық оқыту жүйесіне өту болып табылады.





Қорытынды

- Бұл ретте, мемлекет тек қана өзінің азаматтарының жоғары өмір сапасы принциптерін ресми жариялап қоймай, сондай-ақ, бұл салада жетістіктерге қол жеткізуде. Алайда «өмір сүру деңгейі» және «өмір сапасы» - мәні жағынан ұқсас ұғымдар ретінде қарастырылғанымен, олар барабарлығы жағынан алшақ. Материалдық қамтамасыз етілген болып, бұл ретте таза суға, сапалы медициналық қызмет көрсетуге, сапалы тамаққа және басқа да өркениет өнімдеріне қол жетімді болмауы мүмкін. Бұл қиыстырылған өмір сапасы болып табылады. Өмір сапасы және адамның жанжақты дамуы – бұл санаттар экономикалық өсу және қоғамның дамуы проблемаларының қазіргі заманғы тәсілдерінің мазмұндық сипаттамасын құрайды. Сонымен қатар, халықтың өмір сүру деңгейі мен өмір сапасын анықтаудың жоғарыда көрсетілген индекстерімен, параметерлерімен келісе отырып, мынадай ұсыныстар енгізуге болады. Қазіргі заманғы ғаламдық мәселелер мен жаһандану бұл өлшемдерді анықтауда өзіндік бір парадигмалар ұсынуы ықтимал деп ой түйіндей аламыз. Атап айтқанда, ұлт мәселесі, психологиялық идеологиялардың ықпалы мен адамның психикалық күйі, адам еркіндігі мен еріктігі т.б. біздіңше халықтың өмір сүру деңгейі мен өмір сапасын арттыруда қажетті маңызды түйткілдер болып саналады.



Орындағандар:

- Амангельдина Н.
 - Камил А.
 - Нұрқанат А.
 - Смағұл Б.
 - Таймырза З.

Назарларыңызға рахмет

